

А.Иманов атындағы жалпы орта білім беретін лицей-мектебі  
Жаппай оқытуды ұйымдастыру бойынша бақылау комиссия отырысының

**Хаттамасы**

Павлодар облысы,  
Май ауданы,  
Баскөл ауылы

№1

қыркүйек  
2019 жыл

Қатыскандар:6

Қатыспағандар:-

Жаппай оқыту бойынша бақылау комиссиясының құрамы:

7. Ахметова Г.М.-Мектеп директоры,/комиссия төрайымы/
8. Кожуханова Ш.Т.-ДТЖО,- /комиссия мүшесі/
9. Бакасова Э.М.-психолог, /комиссия мүшесі/
10. Меденова Г.Қ.-медбике,/комиссия мүшесі/
11. Абельдинова М.С.- /комиссия хатшысы/
12. Макина С.А. -ата-аналар комитетінің төрайымы, /комиссия мүшесі/

**Күн тәртібінде:**

3. Тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімін бекіту
4. Асханада оқушылардың тамақтану және сынып жетекшілерден кезекшілік кестесін бекіту

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Г.Ахметова сөз алды.Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 6-бабы 19 тармағы,Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 28 тамыздағы №812 қаулысына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономикалық министрлігінің 2014 жылғы №179 «Мектеп асханаларында оқушылардың ыстық тамағын ұйымдастыру туралы» бұйрығын және «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 және өзгерістер енгізілген 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 Қаулысы, «Әлеуметтік көмек көрсетілген азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін,көздерін,түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысын басшылыққа алып мектеп бойынша оқушыларды жаппай оқумен қамту қорынан ыстық тамақпен қамтамасыз етуіміз керек.Сөз алды Ш.Т. Кожуханова ДТЖО: жаңа оқу жылында мектеп бойынша жаппай оқыту қоры тарапынан 21 оқушы ыстық тамақпен тамақтанады.Мектеп бойынша аз қамтылған отбасынан шыққан оқушы жоқ, 5-11 сынып аралығында күн көрісі төмен отбасынан шыққан 12 оқушы,бастауыш сыныпта 7 оқушы бар. 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 Қаулысы бойынша 2 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. 1 оқушының 1 күндік ыстық тамағы 268 теңгені құрайды. Жалпы алғанда 19 бала күнкөрісі төмен отбасынан шыққан. Мектеп бойынша 114 оқушы, 21 оқушы ыстық тамақпен тегін тамақтанады, 6 оқушы демеушілер тарапынан ыстық тамақпен, 87 оқушы ата-аналар қаражатынан тамақтанады.

Мектеп бойынша барлық 114 оқушы ыстық тамақпен 100% қамтылған.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша мектеп директоры Г.М.Ахметова сөз алды. Оқушылардың күнделікті дұрыс тамақтануын ұйымдастыру мақсатында асханада оқушылардың тамақтану кестесі/қосымша 1/ және сынып жетекшілерден кезекшілік кесте /қосымша 2/ бекітіліп, міндеттері жүктелсін. Тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілсін /қосымша 3/


**Шешім:**

1. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 және №738, «Әлеуметтік көмек көрсетілген азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулыларға сәйкес 2019-2020 оқу жылы бойынша мектеп оқушыларының тамақтануын ұйымдастырылуын бақылау мақсатында 21 оқушы, 6 оқушы демеушілер тарапынан тегін ыстық тамақпен қамтылсын, 87 оқушы ата-аналарының қаражаттары арқылы тамақтансын ыстық тамақтың көлемі 100 теңгеден аспауы тиіс.

2. Жоғарыда айтылған кезекшілік міндеттері мен кесте есепке алынсын.

Комиссия төрайымы: 

Г.М.Ахметова

Комиссия хатшысы: 

М.С.Абельдинова

